



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРІБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

Біз педагогика саласының қызметкерлері, педагогтер Алтынсаринге алғашқы Халық мұғалімі, Қазақстандағы халық мектептерінің алғашқы ұйымдастырушысы және қазақ халқының ортасынан шыққан тұңғыш теориялық педагог ретіндегі ерекше қызметі үшін құрмет көрсетеміз және келер ұрпаққа оның еңбектерін насихаттау үшін аянбай еңбек етеміз!

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин И. Собр. Соч. В трех томах, Алма – Ата, 1978, т.2, с.125.
2. Сүлейменов Б.С. «Жизнь и деятельность Ибрагима Алтынсарина». Алматы, 1962 ж. 27 б.
3. Садуақасұлы Смағұл, үш томдық шығармалар жинағы. Т.3. Астана, Нұр – Астана, 2001, 244–248 б.
4. Талжанов С. «Тұңғыш ағартушы және аудармашы». Бастауыш мектеп, 1999 ж. №2, 266 б.
5. Әбжанов Х., Әлпейсов Ә. «Ы.Алтынсаринды жаңаша оқығанда», «Қазақстан мектебі» Алматы 1992 ж. 129 б.
6. Қазақ ұстазы журналы. Астана, 2014 ж. 45–46 б.
7. Біз Ыбырайды білеміз бе? Ұлы ұстаз жайлы 50 сұраққа 50 жауап – Қостанай, 2016. 25–27 б.
8. Мұқанов С. «Өмір мектебі». Алматы, 1964ж. 111–113 б.

ӨОЖ 37.034

Ы.АЛТЫНСАРИННІҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Алтаева Фатима Жалаладиновна
оқытушы
Қуанышбаева Анар Қуанышбайқызы
тарих ғылымдарының магистрі, оқытушы
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі
Қызылорда қ, Қазақстан
E-mail: Fati-al@mail.ru

Аңдатпа

Мақалада қазақ халқының көрнекті қайраткері Ы.Алтынсариннің қоғамдық – саяси көзқарастары талқыланды. Сонымен бірге тәрбие мен білім беруде қазір біз қолданып жүрген ұстанымдар мен қалыпқа түскен жүйенің бастауын Ыбырай Алтынсарин еңбектерінен табамыз. Оқушының жеке қабілеттерін айқындай отырып, дарынын шыңдау, жеке жұмыс жасау, өз бетінше ізденіске баулу әрекеттерінде тәрбиені басты орынға шығару жыл жылжыса да құнын жоймағанына көз жеткізіп отырмыз. Бұл қалыптасқан ұстанымдар Ыбырай Алтынсариннің ұстаздық жолында еткен жанкешті еңбегінің жарқын жемісі екендігімен осы мақала арқылы таныс боласыздар.

Түйінді сөздер: Ислам, Қазақ, халық, философия, дүниеге көзқарас, білім, өнеркәсіп, мұсылман.

Аннотация

В статье рассматривается общественно – политическая деятельность видного деятеля Ыбырай Алтынсарина. Истоки принципов и нормированной системы, которые мы используем в воспитании и обучении, мы можем найти в трудах Ыбырая Алтынсарина. Мы заботимся о том, чтобы, определяя индивидуальные способности ученика, ставить образование на главное место в усилиях по совершенствованию навыков, самостоятельной работе, самостоятельных исследованиях с годами не потеряло своего значения. Эти принципы – яркий плод самоотверженной педагогической деятельности Ибрая Алтынсарина.

Ключевые слова: Ислам, Казахи, народ, философия, мировоззрение, образование, промышленность, мусулман.

Abstract

The article deals with the socio – political activities of the prominent figure Ybyray Altynsarin. The origins of the principles and the standardized system that we use in education and training can be found in the works of Ybyray Altynsarin. We make sure that, by determining the individual abilities of the student, putting education at the forefront in efforts to improve skills, independent work, independent research does not lose its significance over the years. These principles are a vivid fruit of the selfless pedagogical activity of Ibray Altynsarin.

Key words: Islam, Kazakhs, people, philosophy, worldview education, musulman, өнеркәсіп.

Тарихты зерделесек, ХІХ ғасырдың екінші жартысында ағартушылық дәстүрді дамытушы, қазақ халқының көрнекті жазушысы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл толғанын еткен жылы ғана тойлаған болатынбыз.

Ы.Алтынсариннің дүниетанымының қалыптасуына халық ауыз әдебиеті, прогрессивті орыс мәдениеті мен Еуропа ойшылдарының еңбектері өз әсерін тигізді. Ол орыстың революцияшыл демократтарының ағартушылық идеяларының ықпалымен өзінің бүкіл өмірін өз халқының арасында өнер – білім тарату, оны орыс мәдениетіне жақындату, орыс халқымен достықты нығайту жолына

арнады. «Кел балалар оқылық!» деген өлеңінде: «Өнер білім, бар жұрттар, тастан сарай салғызды. Айшылық алыс жерлерден, көзіңді ашып – жұмғанша жылдам хабар алғызды». «Оқымаған жүреді, қараңғыны қармалап. Оқысаңыз, балалар, шамнан шырақ жағылар» – деп өнерге, білімге шақырды.

Келешекте қуатты мемлекет, зиялы қоғам құруға ұмтылған еліміз алдымен балабақшада жүрген балдырғандарды, мектеп шәкірттерін тектілікке, инабаттылық пен имандылыққа тәрбиелеуді, заман ағымына сай білім беруді бүгінгі күннің басты талабы деп міндет етуде. Ел Президенті Қасымжомарт Тоқаев: «Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы» – деп атап көрсетті [1].

Ыбырай Алтынсарин мектептегі оқу – тәрбие жұмысын мүлде жаңа үлгіде құрады. Сабақты қазақ тілінде жүргізе отырып, әр пән негіздерін үйретуді мақсат етеді. Ыбырай оқушыларының ғылым мен мәдениетті иегруіне, рухани бай азамат болып шығуына қызмет етеді [2].

«Педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе – ең жақсы оқыту әдістерін таба білуде» – деген қанатты сөзді қалдырған дара ұстаз балаларды оқыту әдістері жағынан өзіндік жүйе, әдісі бар педагог бола білді. Ол қазақтың тұңғыш прогресшіл педагогикасын, халықтың мектептерін қалаушы қайталанбас тұлға [3].

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында «ояну» дәуірі басталды. Дәл осы кезең ағартушылық пен білімге бетбұрыс жасалған нақты қадамдармен дараланады. Туған тіліміздегі төл ғылымның іргетасын қалаудың өзектілігі күннен күнге тереңдей түсті. Болашақ алдындағы осы маңызды міндеттерді бір топ ақын, ғалым, жазушы, қайраткерлер толымды түйсікпен сезіп, олқылықтың орнын толтыру үшін еңбектенді. Білім шоғын үрлеген зиялылар шоғырын бүгінгі тарих әспеттеп берді. Қазақ даласы мен баласының ілім мен ғылым бұлағынан сусындауға жол ашқан тұлғалар биігінде Ыбырай Алтынсариннің аты алғашқылардың бірі болып аталады. Еуропа есігінен еніп, білімімен толық танысқан Балғожа бидің немересі ұлы ел төсінде ең бірінші мектеп есігін айқара ашты. Ол туған халқын ашық ұранмен сауат ашуға шақырды. «Кел, балалар оқылық» өлеңі сөзіміздің айқын айғағы. Осы өлеңдегі шумақтарымен балаларды оқу – ағарту талаптандыруының түпкі мақсатын былайша жеткізеді:

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.
Әлпештеген ата – ана
Қартаятын күн болар.
Қартайғанда жабығып,
Мал таятын күн болар.
Ата – енең қартайса –
Тіреу болар бұл оқу,
Қартайғанда мал тайса,
Сүйеу болар бұл оқу. [4]

Шындығында дала қоңырауы оқудың қажеттілігін ұлттық болмыстан ұзатпй, тамырынан дөп басып насихаттады.

Педагогика саласының сүрлеуін қалаған ол қазақ даласында алғаш мектеп ашып қана қоймай, оқушылардың санасын білім нәрімен сәулелендіру бағытында оқулықтар жазды. Өзі ашқан мектептерде ұстаздық қызмет атқарып, сабақ берді. Ұстаздық қызметінің алғышқы жылдарынан – ақ өнер – білімнің шамын жағып, балаларға тәлімді тәрбие, білім беру әдістерінің оңтайлы үлгісін қалыптастырды. Туған халқының жарқын болашағын жаңа үлгідегі мектептермен байланыстырды. Ұлттық білім беру саласы тарихындағы бас маман қалаған негіз жылдармен жылжып өзектілігін жоймақ емес. [5]

Ы.Алтынсарин оқу – ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде, яғни қазақ тілінде берілуіне айрықша мән береді. «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық, «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты дидактикалық оқу құралын жазғаны барлығымызға мәлім. Бұл кітаптары шәкірттерді өз елінің нағыз патриоты, еңбекқор, адамгершілік қасиеттерге ие азамат етіп қалыптастырады. Оған дәлел: «Бұл кітапты құрастырғанде мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс – қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, соныме қабат, жалпы халықтың оқуға жарайтын кітап бола алу жағын көздедім...» – деген тұжырымдамасы. [6]

Хрестоматияға енгізілген өлең, әңгімелердің балалардың жасына, сана – сезіміне лайықталынып, педагогика ғылымының міндетті түрде тәрбиешілерден талап ететін әдіс мәселесінің берік сақталынуы өз алдына, сонымен қатар жоғарыда аталып өткен оқу, еңбек, талап, мейрімділік, тағы басқа тақырыптарға арнаулы, қолға таяқ ұстатқандай әңгімелерді әдейі, саналы түрде таңдап алғандығын да көрмей кетуге болмайды.

Ы.Алтынсариннің білім жолындағы еңбектері қазіргі педагогика ғылымына негізгі тірек болып отыр.

«Ал енді құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын», – деген Ыбырай Алтынсариннің Н.И.Ильминскийге жазған осы бір хаты менің осы сөздеріме дәлел[7.]

Алтынсарин өзінің әдеби – публицистикалық шығармаларында халықты отырықшылыққа, егіншілікпен айналысуға, өнеркәсіпті т.б. дамытуға шақырды. Бірақ материалдық өндірістің қоғам өміріндегі шешуші рөлін түсіне алмағандықтан, мәселені шешетін тек оқыту, ағарту ісінде ғана деп түсінді. Қоғамдық – саяси және философиялық көзқарасында утопиялық түсініктер басым болды.

Табиғат құбылыстарын түсіндіруде ол стихиялық материалистік көзқараста болғаны байқалады. Табиғат заттары мен құбылыстарына «тәжірибелік» тұрғыдан қарап, оларды дәл танып – білудің қажеттігін атап көрсетті. Білім дегеніміз өзімізді қоршаған шындықты танып – білу деп түсіндірді. Ыбырайдың көптеген өлеңдері мен әңгімелерінен оның қоршаған дүниенің санадан тыс және тәуелсіз өмір сүретіндігін мойындайтынын байқаймыз. «Жаз», «Өзен» сияқты өлеңдерінде табиғатты өзінше тамашалау ғана емес, сонымен бірге оның адам санасынан тыс және тәуелсіз екендігі сезіледі. Екіншіден, Ыбырай дүниені жаратушы құдай деп біледі. «Жаратқан мұнша таңсық жаббар құдай!», «Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым» деген өлең шумақтарында, «Мұсылманшылдықтың тұтқасы» еңбектерінде осы пікірді қуаттайды. [8]

Исламның ізгілікті қасиеттерін жетік білген Ы.Алтынсарин қазақ елінің рухани тәрбиесіндегі діннің рөліне ерекше мән берді, оны оқыту ісі және тәрбиеден бөлмеді. Себебі мұсылманшылықты қазақтың рухани өзегін құрайтын маңызды компоненттердің бірі ғана емес, бірегейі санады. Мұның үстіне ол кезде діннің қажетті және міндетті ережелерінің бәрін біріктіріп жазған бірде – бір кітап жоқ болатын. Мұны қазақ молдаларының өздері сезе бастаған еді. Осы бағытта өзінің идеясымен мәнді мұралардың бірі – «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбек болды. Кітаптың жазылуының себептерінің бірін автор халықтың өз дінін білу жөніндегі талабымен, қазақ жастарына өзінің ана тілінде жазылған, мұсылман дінінің негізгі рухына сай оқуға негізгі құралдардың қажет екендігімен түсіндірді. Сондай – ақ жастардың дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, қазақтарды татарландырудың ең сенімді тәсілдерінің бірі болып отырған қазақтың жазба тілінде татар тілінің орынсыз етек алуына жол бермеуді мақсат етті. Еңбекте Ыбырай ислам туралы объективтік түсінік беруге ұмтылыс жасады, мұсылмандық құқық пен өсиеттің, діни жарлықтар мен салт – жоралардың ережелерін объективті түрде баяндап берді. Оқу құралы төрт бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлім иман туралы, екінші – Құдайға құлшылық ету – намаз оқу, ораза тұту, кедейлерге садақа беру, жалпы қайырымдылық жасау, үшінші – адамгершілік жайы, төртінші бөлімде – намаз, ораза және басқа діни жағдайларда оқилатын дұғалардың қазақшасы берілген. Оқулық осылай балаларға «діннің тек ең керекті жерлерін ғана үйретуді мақсат еткен» еді. Ы.Алтынсарин бар күш – жігерімен, білім – білігімен халқын исламға соншалықты соқыр сеніммен берілген татар молдалардың ықпалынан сақтап қалуға ісімен де, оқулығымен де күресті. «Молдалар өздерінің адам басын қатыратын ерекше қасиеттерінің үстіне, қазақтың табиғи тілін де бұзып жүр. Біздің елімізде молда әңгіме татар – дегендер өте көп жайылып барады» деп жазды. Ұстаз ойынша, олар бүгінгі таңда жағымсыз ықпал етіп отыр, ал келешекте одан да бетер әсер етуі мүмкін. Сол себепті қазақ шәкірттерінің ақылына ақыл қосып, оларды шындыққа, басқаша айтқанда, оқуға жетектейтін құралмен қазақтардың өзіне таныс, оны ешкім жек көрмейтін құралымен іс істеуіміз керек. «Мәселенің ең мәнді жері: қазақтарға татар фанатизмінің ықпалын тигізбеу, қазақтардың білім алуына оның кесірін тигізбеу ғой. Ондай ықпалдан құтқару үшін бірте – бірте, бірақ шын құтқару үшін мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ алған бағыттан қайтпай қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара білу керек» деді. Ыбырай Алтынсарин мектептерде жақсы білім алған, әр нәрсеге дұрыс көзқарастылар татар фанатизмінің де күлі көкке ұшады деп санады. Бұл ойлар Шоқан Уәлихановтың «Біз қалайда татарлық кезеңді айналып өтуіміз керек, өйткені олар ультрамұсылмандық бағыттың қанат жаюына ықпал етіп отыр» деген ойларымен сабақтасып жатыр. Ислам діні – қазақтың қанына сіңіп, қалпын түзеген, дәстүрі мен салтына кірігіп, үйлесім тапқан, ұлттың ұйытқысына айналған жан айнасы.

Ислам ережелері бойынша адам құдайға құлшылық етіп, құран ережелерін орындауы керек. «Байлық, кедейлік, білім, надандық құдайдан таралатынына сеніп керегі жоқ, – деп жазды ол, – еңбек етіп, оқу керек. Егер сен білім алсаң, дандайсыма, балаларды оқытып, оларды прогресс пен әділет жолына бағыттауға тырыс» – деді.

Ы.Алтынсариннің ағартушылық идеялары негізінен қазақ халқының экономикалық және мәдениеттік мешеулігін де жоюға бағытталған. Ол құр білім алу мақсат емес, әлеуметтік ортаны өзгерту күресіне жастарды белсенділікпен қатыстырудың негізгі жолы деп білді.

«Қазақ халқын экономика жағынан дамыту үшін» мектептерде тұрақты және қазіргідей әлдеқайда баянды ете отырып, олардың беретін білімінің дәрежесін көтеру керек» дейді Алтынсарин, «Қалай болса солай оқытуға болмайды, жақсы білім беру керек», «Оқу кітабы ғылымға негізделу тиіс» – деді.

Адамшылдыққа тәрбиелеу идеясы, өте анық айтылған, мұның өзі оның шығармаларында да үлкен орын алады, сол заманда ғылым мен білімнің ерекше рөлін тану – исламның ортағасырлық,

артта қалған идеологиясына қарсы күресте, феодалдық – патриархалдық құрылысқа қарсы күресте орасан зор рөл атқарды. Оқушыны адамгершілікке тәрбиелегенде ең алдымен адам болуға баулуды көздеу керек. Балаларға өнегелі тәрбие беру аса маңызды іс деп білетін. Ол шәкірттерді адамгершілікке, Отанды сүюге тәрбиелейтін. «Барлық күш – жігерімді олардың мінез – құлқына да ықпал теуге жұмсаймын, кейін парақор біреу болып шықпауы үшін», – деп жазады ол. Өзінің ағартушылық философиясында жас ұрпақтың тағдырына халықтың рухани қайта өрлеу үмітін артып, осыған байланысты педагогикалық (ұстаздық), психологиялық көзқарастарын дамытты. Өз көрінісін ақындар айтысынан, қисса, жаңа эпикалық поэмалардан тапқан эстетика жаңа даму кезеңіне шығып, жарқырай дамыды[9].

Ағартушының қай еңбегін алып қарасақ та педагогикалық идеясы мен бала тәрбиесіндегі ұстанымдарын жете тануға болады. Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасын, әуелі, ұстаздар қауымы терең түсініп, ой елегінен өткізсе ондағы таным мен білімге бай идеялық жүйені оқушы бойына сіңіру оңай болмақ. Ұлт ұстазының шығармалары адам тәрбиелеуде еңбектің орнын екшейді. Оқытуда тәртіпке, оқушының мінез – құлқын ортаға бейімдей отырып қоғамға сіңісуге, ерінбеуге, ізденуге үйретудің алғашқы орынға қойған оның қағидалары баланың білім бұлағына бас қоюына арналған негізгі алғышарттар. Заманауи білім жаңалығы деп қабылданып жүрген сабақты түрлі методикаға сүйеніп өткізу, оқушының үлгерім деңгейіне сай тапсырмалар беру, сабақ барысында балалармен тең дәрежеде қарым – қатынас орнату сынды әдістер Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық еңбектерінде қамтылып, ұсынылған ережелер екенін ескерген жөн. Ол сондай – ақ, әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, мәселеге көзқарасын еркін жеткізуге ықпал жасау үшін ұстаздардың алдына зор талап қояды. Сонымен бірге, ол оқушыны жас шағынан жауапкершілікке, ізденіске, еңбекке, әдепке баулу оқу процесінің ажырамас бөлігі болуы тиіс деген тұжырым жасайды. Шындығында, ағартушының бұл ұстанымдары жаңартылған білім жүйесін қажет ететін кезеңде де өзектілігін жоғалтпаған. Керісінше, күн өткен сайын қырланып, жарқырайтын жаһұт секілді құндылығын биіктетуде. Сонымен қатар, Ыбырай ұстаздың білім беру саласындағы ізгі ынтымақтастық идеясын қуаттайды. Бала терең білім алу үшін мектеп – ұстаз – ата – ана үштігінің бірлескен ынтымақтастығын алға тартады. Ұстаздардың шеберлік деңгейін шыңдап отыруы керек деген тұжырымы да бүгінге дейін өзекті. «Дала қоңырауы» педагогикадағы аталмыш ұстанымдарын оқу құралдары мен қысқа әңгімелерінде зор ынтымақпен баяндады.

Ы.Алтынсариннің адамның ақыл – парасатын дәріптеуінің, надандықты, ескілікті, діни әдет – ғұрыптарды сынап, мінеуінің және басқа ағартушылық идеялары қай ғылым саласында болмасын зор маңызы болды.

Ы.Алтынсарин XIX ғасырдың соңына таман қазақ қоғамында мақсаткерлікпен жаңдана түсіп, дамыған діни ағартушылық ағымның негізгі ұстанымдарын да қалыптастыруға зор ықпалын тигізген. Қазақ арасына исламның негіздерін орнықтыру жөніне арнаған жаратылысы сирек заманалық тұлға.

Қорыта келе, тәрбие мен білім беруде қазір біз қолданып жүрген ұстанымдар мен қалыпқа түскен жүйенің бастауын Ыбырай Алтынсарин еңбектерінен табамыз. Оқушының жеке қабілеттерін айқындай отырып, дарынын шыңдау, жеке жұмыс жасау, өз бетінше ізденіске баулу әрекеттерінде тәрбиені басты орынға шығару жыл жылжыса да құнын жоймағанына көз жеткізіп отырмыз. Бұл қалыптасқан ұстанымдар Ыбырай Алтынсариннің ұстаздық жолында өткен жанкешті еңбегінің жарқын жемісі. Бүгінгі ұрпақ пен ұстаздардың жеңісі. [5] Ыбырай Алтынсариннің еңбектерін зерделей отырып жас ұрпаққа білім беруде тек педагогикалық тұрғыдан ғана емес, философиялық, экономикалық тұрғыдан да қамтуға тырысқандығын байқау қиын еместігіне көз жетті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қ.К.Тоқаевтың «Ғылым және білім» атты мақаласы, 2019 ж.
2. Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. I–т/ Бас ред Б.Ө.Жақып. Алматы. Қазақ энциклопедиясы, 2009. – 103 б.
3. Ж.Салықбаева. Ыбырай Алтынсарин мұрасы – білім мен тәрбие негізі. // Қазақ тарихы. №4, шілде – тамыз. 2022.
4. Сыздықов Ә. Ы.Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі. А, 1969 ж.
5. Л.А.Амерханова. Білім беру саласындағы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасының өзектілігі. Педагогика мәселелері. №5–6\2021, 10 б.
6. Ы.Алтынсарин. Қазақ хрестоматиясы. Алматы, 2003 ж.
7. А.Қабимолдина. Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы тәрбие мәселесі. Педагогика мәселелері. №5–6. 2021.
8. Г.Кактаева. Философия негіздері. Астана, 2010 ж., 41 б.
9. Қазақ тарихы. Н.Қошқарбаева. Ы.Алтынсариннің ағартушылық қызметінің негізгі құндылықтары. №2. Наурыз сәуір, 2022 ж., 63 б.